



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

«Педагогтің кәсіби шеберлігі»

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының арасында өтілетін
республикалық байқаудың ережесі

Орал қ., 2024 ж.

«Педагогтің кәсіби шеберлігі»

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

«Педагогтің кәсіби шеберлігі» онлайн байқауы республикалық білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған. Ереже байқауды ұйымдастыру мен байқауға қатысу, өткізу тәртібін, әдістемелік қолдауын және жеңімпаздарын анықтайды.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты:

- педагогикалық қызметкерлердің ақпараттық мәдениетін, олардың кәсіби деңгейін, педагогикалық және компьютерлік ақпараттық технологияларын пайдалану дағдыларын арттыру;
- педагогтердің белсенділігін, дербестігін, креативтілігін және шығармашылық ізденісін ынталандыру.

Міндеттері:

- педагогтердің білім беру қызметінің сапасын арттыру;
- педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін және педагогикалық дағдыларын арттыруға үлес қосу;
- педагогикалық мамандықтың беделін арттыру;
- шығармашылықпен жұмыс істейтін, ғылыми-әдістемелік, ақпараттық және рухани-адамгершілік мәдениеті жоғары, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген, кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген талантты педагогтерді анықтау;
- педагогикалық тәжірибені насихаттау және тарату.

3. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1. Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының барлық түрлері мен типтерінің педагогтері (жоғары оқу орындарының, колледждердің оқытушылары, мектеп мұғалімдері, мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілері) қатыса алады. Байқауға қатысушылардың саны шектеусіз.

3.2. Байқауды ұйымдастыратын мекеме – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.

4. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Байқаудың нәтижелерін анықтау үшін сараптама комиссиясы құрылады.

4.2. Сараптама комиссиясының құрамына ғылыми дәрежесі бар профессорлар мен оқытушылар, педагогикалық жоғары оқу орындарының ғалымдары, әдіскерлер, түрлі деңгейдегі біліктілік конкурстарының жеңімпаздары кіреді.

4.3. Сараптау комиссиясының атқаратын қызметі:

- байқаудың бағалау критерийлерін әзірлеу;
- қатысушылардың жұмыстарымен танысу;
- қорытындысын шығару.

Байқауды өткізу тілі: **қазақ, орыс.**

Өткізу форматы: **онлайн.**

Өткізу мерзімі: **07.10.2024 ж. - 06.12.2024 ж.**

Құжаттарды қабылдау уақыты: **07.10.2024 ж. - 08.11.2024 ж.**

Байқау жарнасының мөлшері – **5000 теңге.**

5. ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

Таныстыру кезеңі: **«Менің портфолиом – педагогикалық бейнем»**
педагогтің портфолиосын зерделеу:

Портфолио Microsoft Power Point үлгісінде: фотосурет, қатысушының өзі туралы ақпарат, шығармашылық жетістіктері, педагогтің сабақ және басқа да іс-шаралар барысындағы фотосуреттері. (Портфолио презентациясы 10-15 слайдтан аспауы тиіс).

«Педагогикалық шеберлік қоймасы». Өткізілген ашық сабақтарының бірін бейне-сабақ ретінде жіберуі қажет (панорамалық сабақ, ұзақтығы – 7-10 минут).

Қатысушы әдістемелік өзекті мәселенің теориялық және практикалық жағының талдауын, өзінің сабақ беруде қолданған әдістемелік әдіс-тәсілдері мен заманауи технологияларын мақала түрінде (3-5 бет, мақала жазу үлгісі қосымшаларда көрсетілді) электрондық нұсқада келесі электронды поштаға жібереді: **konkurs_wku2023@mail.ru.**

Мақалалар PDF форматында конкурстық материалдар жинағы ретінде шығарылады. Материалдар авторлардың ұсынған түпнұсқасында жарияланады, егер мақала талапқа сай болмаса, жарыққа шықпайды. Жинаққа ӨОЖ, КБЖ тиісті кітапхана индекстері және халықаралық стандартты кітап нөмірі (ISBN) беріледі. Мақалалар жинағы сайтта орналастырылады <https://wku.edu.kz/>.

МАҚАЛАНЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Өзектілігі	Мақала өзекті тақырыпта жазылуы және тереңдетілген тәуелсіз зерттеулердің нәтижелерін қамтуы керек
Жауапкершілік	Баяндама авторлары материалдарды қамтуға жауапты
Мақала тілі	қазақ, орыс, ағылшын
Мақаланың көлемі	3 бет терілген мәтінмен
Мәтін пішіні	Microsoft Word (*.doc, *.docx)
Парақтың өлшемі	A4(210x297 мм), бағдар кітап
Бетті нөмірлеу	жүргізілмейді
Жиектер	жоғарғы, төменгі жағы – 2 см, сол, оң жағы – 2,5 см, азат жол – 1 см («Tab» немесе «Бос орын» батырмасынсыз)
Жол арасы	қалыпты
Мәтінді туралау	ені бойынша
Қаріп	Times New Roman (кегль) 12
ӨОЖ	Міндетті түрде ӨОЖ индексі беріледі. ӨОЖ веб-сайттан табуға болады: http://teacode.com/online/udc/
Мақаланың тақырыбы (атауы) :	Төменде бір интервалда мақала тақырыбы бас әріппен және қаріп – жартылай қою қаріп, Times New Roman 14. Төменде бір интервалда мақала мәтіні беріледі
Авторлар туралы ақпарат:	Оң жақ жиекте, курсивпен: 1 - жол – Тегі, Аты, Әкесінің аты, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, 2-жол – автордың жұмыс істейтін мекеме атауы жазылады, қаласы/ аудан. Егер сізде бірнеше автор болса - талап әр автор үшін сақталады
Аннотация және кілт сөздер:	Аннотация мен кілт сөздер бір интервалмен, Times New Roman 10 жазылады.
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі және сілтемелер	Пайдаланылған әдебиеттер мәтіннің соңында «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:» деген атаумен жазылады. Мәтіндегі сілтемелер шаршы (квадрат) жақшаларда әдебиеттер тізіміндегі нөміріне сай, дереккөздің бетін көрсету (қажет болған жағдайда) арқылы безендіріледі мәселен: [6, с. 2], [1, 2 б.] немесе [1, p. 2]
Суреттер мен кестелер	Мақалада пайдаланылған суреттер jpg, gif, bmp, форматында болуы керек. MS Word бағдарламасында жасалған суреттер қабылданбайды. Суреттер мәтінге кірістірілген және анық болуы керек. Суреттердің аттары мен нөмірлері цифрлардың астында, кестелердің атаулары мен нөмірлері кестелердің үстінде көрсетіледі. Тақырыптың шрифті – 10 см

5. Seidlhofer, B. English as a lingua franca // *ELT Journal*. – 2005. – 59(4). – P. 339–341. – URL: <https://doi.org/10.1093/ELT/CCI064> (дата обращения 10.07.2022).

Байқау жарнасын төлеу төмендегі реквизит бойынша қабылданады.
АеАҚ «М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті»
090000, ҚР, БҚО, Орал қ.,
Н.Назарбаев даңғылы, 162
БИН: 000340002393
ИИК: KZ 176010181000011617
Қазақстан Ұлттық банкі, БҚФ
Орал қаласы,
БИК HSBK KZ KX

Каспий KZ қосымшасы:

Kaspi.kz > Төлемдер > Білім > Жоғары оқу орындары мен колледждер
Орал қаласы

Оқу орнының атауы > (М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті)
Факультет (БҚУ онлайн байқауға қатысу)

Курс (Педагогтің кәсіби шеберлігі)

Қатысушының аты-жөні

Қатысушының ЖСН

Сумма (5000).

Қатысу үшін берілетін өтінім (қатысу жарнасын төлеген түбіртекте қоса жіберілуі тиіс).

Тегі, аты, әкесінің аты (толық)	
Мекен-жайы (индексі, облысы, қаласы, көшесі, үй және пәтер нөмірі көрсетіледі)	
Білім беру мекемесінің атауы	
Лауазымы	
Электрондық пошта (e-mail)	
Байланыс телефоны	

6. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

6.1. Байқау нәтижесі бойынша жүлдегерлер анықталады (1, 2, 3 орын) және номинациялары арқылы марапатталады;

6.2. Байқау қатысушыларына қатысқандары үшін сертификат беріледі.

БАЙЛАНЫС

Мекен-жайы: 090000, Орал қ., Назарбаев даңғ., 162, № 1 оқу ғимараты, №107 кабинет, e-mail: **konkurs_wku2023@mail.ru** , телефон: 8 (7112)-51-19-91

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР!

Ұйымдастыру комитеті осы ақпаратты мүдделі университеттердің, институттардың, колледждердің оқытушылары мен мектептердің, мамандандырылған және басқа білім беру ұйымдарының педагогтерінің арасында таратқаныңыз үшін алғыс білдіреді.

ҚАТЫСҚАНЫҢЫЗ ҮШІН РАХМЕТ!!!